



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ӨКІЛДІГІ

**Қазақстандағы және Түркіменстандағы ЕО Елшісі Аурелия Бушез
ханымның**

**TRASECA азаматтық авиация жөніндегі жобаның Басқарушы комитетінің
1-отырысында сөйлеген құттықтау сөзі**

**Астана
12 қыркүйек 2012 жыл**

Құрметті Вице-министр Бектұров,
құрметті Бас хатшы Бирюков,
құрметті қонақтар мен қатысушылар!

Еуропалық Одақтың атынан Сіздерді Астанада құттықтағанымға өте қуаныштымын.
Басқарушы комитеттің осы отырысы осы жылы ақпанда жоба басталғаннан кейінгі іс
жүзінде бірінші өңірлік жиналыс.

Бұл отырыстың уақыты ИАТА Авиациялық қауіпсіздік күнімен сәйкес келген фактіні
мен құптаймын. Бұл бізге азаматтық авиация секторындағы соңғы өзгерістерді
талқылау үшін мүмкіндіктер, сондай-ақ үйлестіру үшін жақсы мүмкіншілік береді.

Бұл жоба – TRASECA Бағдарламасының маңызды элементі, бұл TRASECA
халықаралық көлік дәлізінің панъуропалық дәліздермен және трансуропалық көлік
дәліздерімен оңтайлы қосылуын қамтамасыз етуге тырысады.

Сіздің жобаның Еуропа мен Азияны қосу мүмкіндігіне тікелей қатынасы бар.
Авиация Еуропалық Одан пен Қазақстан арасындағы қатынастар үшін өте маңызды.
Теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ Қазақстанның географиялық жағдайын назарға ала
отырып, бір біріне жету үшін, қашықтықты азайту үшін әуе тасымалдары аса маңызды

құрал болады. Осы жобаға қатысушылар қатарындағы басқа елдер ұқсас мысал ретінде бола алады.

Бұдан әрі біз Сіздің жобаңызды табысты іске асыру барлық қатысушы елдер, әсіресе Қазақстан үшін өзгерістер әкеледі деп ЕО тарапынан сенеміз. Мен бенефициар-елдерде азаматтық авиацияның тұрақты дамуын, ICAO халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында регламенттер мен практикалық жұмыс әдістерін үйлестіруді, озат халықаралық тәжірибені енгізуді және әуе тасымалдары мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін, оларды басқару саласында халықаралық стандарттар мен ЕО регламенттерін енгізуге дайындықты түсінемін.

Осы жоба әріптес елдердің жеке қажеттіліктеріне негізделген және олардың түрлі сұрақтарына және алдарындағы шақыруларға орай әрекет етуге тырысады. Қатысушылар Еуропалық Одақпен Ортақ авиациялық кеңістік жөнінде келіссөздер, жүргізу, келісімдер жасасу және іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасаудан пайда табуға тиіс. ЕО авиациялық заңнамасының құнды бөлігін енгізу арқылы нарықты біртіндеп ашуға және регламенттерді жақындатуға бағытталған Ортақ авиациялық кеңістік жөніндегі келісімдер тұтынушыларға сияқты, сондай-ақ авиациялық индустрияға да пайда әкелуге тиіс. Орталық Азия елдерімен TRACECA жұмысы ICAO талаптарына сәйкес келтіру мақсатында азаматтық авиация саласында қадағалау жүйелерін жетілдіруге бағытталған.

Мен жобалау тобына және олардың әріптестеріне, сондай-ақ осы отырыстың қатысушыларына тиімді ынтымақтастық және өте жақсы нәтижелер тілеймін.

Аурелия Бушез